**Мектептердің белсенділігі** - Қазақстан Республикасының барлық мектептерінің ЭЖК (электронды журнал, күнделік) жұмыс белсенділігін бақылау интегралдық көрсеткіші.

**Көрсеткішті орындау шегі:**

- **мектептер үшін** кем дегенде **96%;**
- **басқарушы мекемелер үшін** кем дегенде **96%**.

Көрсеткішті мектеп / аудан / облыс деңгейінде орындау үшін мектеп көрсеткіштерінің барлық блоктары көрсеткіштерді орындау шеңберінде болуы тиіс, яғни әрбір көрсеткіштің шегі еңсерілуі тиіс.

**«Мектептердің белсенділігі» көрсеткішіне әсер етеді:**

| **Блоктың атауы** | **мектеп үшін % шегі** | **басқарушы ұ. үшін % шегі** | **Көрсеткішті орындау** |
|---|---|---|---|
| **«Мұғалімдер»** | **96%** | **96%** | Жаңа парақшаларды белсендіру |
| **«Оқушылар»** | **85%** | **85%** | Жаңа парақшаларды белсендіру |
| **«Ата-аналардың қатысуы»** | **50%** | **70%** | Мектептегі ата-ана парақшаларының саны |
| **«ББМ Кестенің толықтығы»** | **96%** | **96%** | Әр сыныпта аптасына кемінде 8 сабақ |
| **«Сабақтарды жоспарлау»** | **96%** | **96%** | Күнтізбелік жоспарлаудағы тақырып немесе ҮТ |
| **«Сынып журналдарын жүргізу»** | **96%** | **96%** | Сабақ парақшасындағы «Сабақ өткізілді» қойылатын құс белгісі |
| **«Журналдарды уақытылы жүргізу»** | **90%** | **90%** | Сабақ өтетін күні немесе ертең сағат 13:00 дейін ФБ қойылуы |
| **«ҮТ уақытылы толтыруы»** | **90%** | **90%** | Келесі сабаққа ҮТ бүгін немесе ертең 13:00 дейін берілуі |

**Мысал-1:** мектеп жоғарыда аталған барлық көрсеткіштерді көрсетілген деңгейде орындайды. Сонда көрсетілген ББМ үшін «Мектептердің белсенділігі» көрсеткіші мынадай болып есептеледі: 8/8, яғни **100%-ға тең болады.**

**Мысал-2:** мектепте «ББМ Кестенің толықтығы» көрсеткіші 69% - ға тең (орындау шегі - 100%), ал «Ата-аналардың қатысуы» көрсеткіші 53% - ға тең (орындау шегі-70%), қалған 5 көрсеткіш көрсетілген деңгей шеңберінде орындалған. Сонда көрсетілген ББМ үшін «Мектептердің белсенділігі» көрсеткіші мынадай болып есептеледі: 6/8, яғни **75%-ға тең болады.**

**Мысал-3:** мектеп ұсынылған көрсеткіштердің біреуін ғана орындайды - «Ата-аналардың қатысуы» көрсетілген деңгейге жеткен. Сонда көрсетілген ББМ үшін «Мектептердің белсенділігі» көрсеткіші мынадай болып есептеледі: 1/8, яғни **13%-ға тең болады.**

❗ *Аудан / облыс / ел деңгейінде «Мектептердің белсенділігі» көрсеткіші бойынша жоғары санаттағы мектептердің үлесі ретінде есептеледі. Жоғары санатқа кіру үшін мектептің «Мектептердің белсенділігі» көрсеткіші кемінде 80% болуы керек.*

**Ескерту:** блоктардың келесі түрлері «Мектептердің белсенділігі» көрсеткішіне **әсер етпейді:**

- «Ата-аналар»;
- «Сабаққа қатысуы»;
- «Білім сапасы»;
- «Үлгерім деңгейі»;
- «Мұғалімдер: аптасындағы кірулер»;
- «Оқушылар: аптасындағы кірулер»;
- «Ата-аналар: аптасындағы кірулер»;
- «Мектеп мәзірін толтыру».

Қала / аудан бойынша ақпаратты қарау барысында өткен аптадағы үрдіске және фонның түс схемасына назар аудару керек.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6 | №4 М.Әуезов атындағы орта мектеп | 25 | ↑ | +2 |
| 7 | №22 орта мектеп | 20 | ↓ | -2 |
| 8 | №23 орта мектеп | 18 | ↓ | -10 |
| 9 | №3 орта білім беретін мектеп | 15 | ↑ | +3 |
| 10 | №5 Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектеп | 15 | ↓ | -15 |
| 11 | №21 жалпы орта білім беретін мектеп | 14 | ↓ | -5 |
| 12 | №10 орта мектеп | 7 | ↑ | +2 |
| 13 | №8 орта мектеп | 7 | ↑ | +2 |
| 14 | №2 орта мектеп | 6 | | 0 |

- **Төмен (0-84%)** - екі және одан да көп көрсеткіштерде талап етілетін мәнге қол жеткізбеген ББМ есепке алынады (1-6 / 8).
- **Орташа (85-99%)** – бір көрсеткіште талап етілетін мәнге жетпеген ББМ есепке алынады, ал қалған көрсеткіштер бойынша мәнге қол жеткізілді (7 / 8).
- **Жоғары (100%)** - барлық көрсеткіштер үшін қажетті мәндерге жеткен ББМ ескеріледі (8 / 8).

Мектепте қандай көрсеткіш орындалмағанын анықтау үшін тінтуірді мектеп атауына апару ұсынылады, содан кейін осы есептердің атаулары көрсетіледі.




Көрсеткіштер блоктары туралы толық ақпарат
осы [БӨЛІМДЕ](#) сипатталған.